



Еркінді алма ...

Сен менің еркімді алма, еркімді алма
Алау салып лаулаған көркің жанға.
Махаббатты кеудеңнен өшірмесең,
Мен сөнбеймін өзіңдік сертің барда.

Арым да сен, бағым да, күшімде сен,
Арманды да өзіңсіз түсінбес ем.
Мен нұр болам, көгінде сезіміңнің
Сәулесіне көлеңке түсірмесең.

Тәтті сөзді не керек туралап сан,
Сезім болып жүректе туламасаң.
Мен көктем боп гүлдеймін жүрегінде
Жел сезімнен күз болып құрамасаң.

Бар шынымды алдыңда ақтарамын,
Ашла көпке сырынды жап қарағым!
Сен менің жарым болсаң таусылмайтын
Мен сенің жүрегінде сақталамын.

Қиясынан шалмаса үміт қыран,
Қиял тосу бекер-ақ қылықтыдан.
Сен шың болсаң бой бермес асқарларға
Мен күн болып төбеңнен күліп тұрам.

Елігім боп ойнақ сал төсімде кең,
Дала болам өзің біл көсілмесең.
Мен өлмеймін мәңгіге жасай берем,
Жүректегі сезімді өшірмесең.

Сұлтанов М.,
қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығының 4 курс студенті

Ана Жүрек

Қарыздармын бір адамға жасыра
алман, жасырман,
Қалайша мен жасырармын
туылсам сол асылдан.
Саусағынан төгіледі мейірімі елжіреп,
Бауырына қысып тұрып сипағанда
басыңнан.

Бар әлемді құшағына сыйдырардай
кең жүрек,
Бала десе ет жүрегі қалады екен
елжіреп.
Перзенті үшін әзір екен отқа,
суға түсуге,
О, тәңірім, ана деген неткен
ғажап ер жүрек!

Ф. Азбантаева,
Сәндік-қолданбалы өнер және
мәдениет бөлімінің 10105-топ
студенті.

о о о

Вечереет...Тихий омут
Бледным заревом покрывался.
От усталости застонет
Лес, что утром веселился.

Тучи мрачные скопились,
Угрожая сильным ливнем,
Над водою проносились
Тени чёрные. Невинно

Капля первая упала
На воде развод оставив...
Тихий омут прикрывала
Ночь волшебным покрывалом.

Звёзды мирно замигают,
Месяц хитро улыбнётся,
И во тьме ночной растает
День, что завтра вновь проснётся.
2002

Холодная весна
Угрюмые дожди
Играют на стекле
Старинные мотивы.

Судьба не суждена,
И всё, что впереди
Теряется во мгле,
Печально и игриво.

Последний снег уйдёт,
Как прожитые дни,
Оставив за собой
Лишь лужи на дорогах.

Уйдёт последний лёд,
И мы уже одни
Ведём неравный бой
На жизненных порогах.
2007
Бакаушина Е.,
студентка спец-ти ГМУ ар. 09204

**ҚОЛЖАЗБАЛАР
АВТОРЛАРЫНА КЕРІ
ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ.
ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӨЛДІГІ
ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ.
ЖАРИЯЛАНЫМ
АВТОРЛАРДЫҢ ПІКІРЛЕРІ
РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН
БІЛДІРМЕЙДІ**

МЕНШІК ИЕСІ:
М.Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан
мемлекеттік
университеті.

Газет айына бір рет
шығады.

Газет Қазақстан Респуб-
ликасы Мәдениет, ақпарат
және қоғамдық келісім мини-
стрлігінде 09.08.2000 ж.
тіркеліп, тіркеу туралы
нөмірі 1435 - Г куәлігі беріл-
ген.

Индексі 090000
Таралымы 500

РЕДАКТОР:
ШЫНТЕМІРОВА
Гүлсая Каримоллақызы

ТІЛШІЛЕР:
СРАПИЕВА Мейрамгүл,
ХЛОПКОВА Анастасия

КОРРЕКТОР:
ОПРЯ О.В.
БЕККУЖИЕВА С.А.

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:
АБДУЛЛИНА Асель

ФОТОСУРЕТШІ:
ХАЛЕПОВ Рафхат

Сарайшық көшесі, 34, e-mail:
IC_SMI@wksu.kz, тел. 50-76-52



№ 4 (853) сәуір 2010 жыл

Ғылардың мұрасы да, мұраты да, атақ-даңқы да, мейрамы да – кейінгіге үлгі. Ол үлгіге қарап ұрпақ өседі.
Н.Ә.Назарбаев





Жақында білім ордасында Кеңес одағының Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 65 жылдығына арналған «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан: тарих және тағылым» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы болып өтті.

Тағылымы мол тарихи оқиға — ұрпақ жадында

Ғылыми жиынға еліміздің және көршілес Ресей елінің де жоғары оқу орындарынан профессор-оқытушылармен қоса қалалық, облыстық жалпы орта білім беретін мектеп мұғалімдері де қатынасқан болатын. Басқосу барысында ғалым-оқытушы қауым Батыс Қазақстан-



дықтардың майданға аттануы, соғыс кезіндегі қиындықтар, отанды қорғаушы жауынгерлердің ерліктері, қазақстандықтардың майданға қосқан үлесі жайында ғылыми баяндама жасап, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан тарихын оқытудың кейбір мәселелері төңірегінде ой бөлісті.

Табандылық пен ерліктің арқасында қол жеткізген Ұлы Жеңіс. Сол жеңіске жету жолындағы қазақ халқы тарапынан қосылған үлес пен қанармандық ерлік жан-жақты сараланып, ғылыми бағытта тарихшыларымыздың тарапынан қайта сараланып, қалыптасып жатқан ұлттық идеология тұрғысынан қарап, тұжырым жасасты.

Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлық, жанқиярлық ерліктері, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі ұрпағы үшін мақтан тұтарлық үлгі іс. Біздер үшін Жеңістің бағасы жоғары.

Майданға қатысушы жауынгерлердің, қазіргі ардагерлеріміздің өшпес ерлігін марапаттау, насихаттау, бүгінгі ұрпақтың ой-санына жеткізу — біздің борышымыз, әрі міндетіміз болып саналады. Ал Ұлы Жеңіс күнін мерекелеу — табандылық пен ұлттық рух бірлігінің белгісі болып қала бермек.

Тағылымға толы мұндай тарихи оқиға ұрпақтар жадында мәңгі сақталады.

«ЕРЖҮРЕК МӘНШҮК»

байқауының жеңімпаздары анықталды

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде Ұлы Жеңістің 65 жылдығына орай Кеңес Одағының батыры Мәншүк Мәметова атындағы I аймақтық «Ержүрек Мәншүк» атты патриоттық әндер байқауы оздырылды.

Байқауға Атырау, Ақтөбе облыстарынан қатысушылар келіп, бақтарын сынады. «Ержүрек Мәншүк» атты патриоттық әндер байқауына 31 қатысушы қатысып, байқаудың екінші кезеңіне 15 қатысушы ғана өткізілді. Байқауға Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, қазылар алқасының төрағасы, Ғ.Құрманғалиев атындағы облыстық филармониясының директоры Мақсат Константинұлы Омарғалиев, халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаты, Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының аға оқытушысы Марат Олжабайұлы Айтимов, халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаты, Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі, әнші, сазгер Жаскелең Орынбасарұлы Ғайсағалиев, «Музыкалық білім» кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты Меңдіғаным Мергенбайқызы Нағимова, оқытушы Думан Мұқаңұлы Байтілеуов қазылық етті.

Байқау қорытындысы бойынша мәдениет және өнер институтының студенті Мира



Сүндетова Бас жүлдеге ие болса, Ақтөбе облысының А.Жұбанов атындағы музыкалық колледжінің студенті Калмыков Бәджа I орынды қажығасына байлады. Ал қаланың Құрманғазы атындағы саз колледжінің студенті Айым Еркінова екінші орынға ие болса, үшінші орынды университеттің студенттері Айтемір Даулетқалиев пен «Қорған» квартеті өзара бөлісті. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің студенті Купиев Дархан, Орал қаласының №7 жалпы орта білім беретін мектебінің оқушылары Ним Владимир және Куртакова Дарья, Қ.Дүтбаев атындағы Атырау гума-

Білім ордасында 23 сәуір күні дәстүрлі ғылыми басқосуымыздың бірі – «Тайманов оқулары - 2010» халықаралық ғылыми конференциясы болып өткен еді.

ТАЙМАНОВ ОҚУЛАРЫ – математика ғылымының дамуының кепілі

Бұл «Тайманов оқулары 2010» конференциясы Ұлы Жеңістің 65 жылдығына орайлас келіп отыр. Олай дейтініміз, Асан Дабысұлы Тайманов та осы жеңіске өз үлесін қосқан қазақ азаматы. Ұстаздық қызметінде жүрген ол 1941 жылдың шілдесінен бастап Ұлы Отан соғысына жауынгер ретінде аттанып, Мәскеу түбіндегі шайқаста, Беларусь, Литва үшін болған майдандарда ерлік көрсетеді. 1945 жылы елге оралып, аспирантурадағы оқуын жалғастырған.

Жерлесіміз, атақты ғалым, математик Асан Дабысұлының облыс бойынша ғылыми техникалық Тайманов олимпиадасы өткізілсе, бүгінгі таңда халықаралық деңгейде «Тайманов оқулары» болып аталып келеді.

А.Д.Тайманов өмірі мен ғылыми жолы Қазақстанның және Ресей ғалымдары үшін де мақтаныш болып табылады. Себебі, Тайманов еңбектері оның шәкірттерінің ізбектері және басқа да ғалымдардың әзденіс нәтижесінде Қазақстанның математикалық мектебі қалыптасқан. Өздерінің көрнекті математикалық жетістіктерін өлем жұртшылығына танытты. Бұл өтіп отырған басқосудың басты мақсаты да болашақта еліміздің математика ғылымының дамуының кепілі болып табылмақ.

Конференцияға Ресейдің Толятты МУ профессоры Р.А.Утеева, Мәскеуден РХДУ аға оқытушы Е.С.Курышев, Новосібір қаласынан С.Л.Соболев атындағы математика институтының аға ғылыми қызметкері Я.В.Базайкин, А.Е.Миронов және еліміздің Астана, Алматы, Қарағанды, Өскемен, Тараз, Қызылорда, Атырау сынды басқа да қалаларының білім ошақтарынан ғалым-оқытушылар қатынасты. Басқосуға жиналған профессор-оқытушы ғалымдар қазіргі оқу үрдісінде жаңа технологияларды қолдануды басты назарда ұстап, оқу үрдісінде оқушының оқу-танымдық қабілеттерін қалыптастыруда білім сапасын арттырудың жолдары, деңгейлеп оқыту технологиясы, математика, физика, информатиканы оқытудың әрдісі мен инновациялық технологиялардың мәселелері, шығармашылық есептерді шешуде тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалану сияқты келелі мәселелермен тәжірибе алмасты.

нитарлық колледжінің студенттері Қабдыкаримова Жібек пен Игланова Марианна және университеттің «Наз» триосы байқаудың дипломанттары атанды.

Бұндай патриоттық бағыттағы байқаулар жастардың жүрегіне патриоттық сезім ұялатып қана қоймай, олардың бойына ұлтжандылық, өз еліне деген сүйіспеншілік пен құрмет сынды қасиеттерді жинақтауға үлкен септігін тигізеді. Еліміздің елдігін ұлықтайтын осындай байқаулар жалғасын таба береді деген сенімдеміз.

СРАЛИЕВА Мейрамгүл

п Бірінші байлық



Арақ ішіп, темекі шеккен, Денсаулығының түбіне жеткен

Темекі күніне 70 қазақстандықтың өмірін жалмайды екен. Темекі шегу салдарынан туындаған аурулардан жылына 25 000 адам көз жұмады, ол кішігірім қала тұрғындарының санына шақ. Өкпе қатерлі ісігінен жыл сайын 3000 қазақстандық қайтыс болады.

Тамақтану мәдениеті – салауатты өмірдің негізі

Дұрыс тамақтану дегеніміз – құрамында ақуыздар, майлар, көмірсутегілер, вей-аминдер және микроэлементтерге бай әрі дәмді тағамдарды пайдалану, сондай-ақ күнделікті тағам ішу уақытын реттеу.

Тамақ асқазанды тітіркендірмес үшін тамақты қабылдау уақыты жүйелі болуы қажет. Түнгі уақытта немесе ұйқыға жатар алдында артық тамақтану адам денсаулығына зиянын тигізеді. Сонымен қатар, құрамында майы көп азық-түліктерді, кофеин бар сусындарды, қуырылған тағамдарды азырақ пайдаланған жөн және шылым шегуден, алкогольді ішімдіктер ішуден бас тартып, газды сусындарға әуес болмаған жөн.

Асқазан ауруымен ауыратын адамдар міндетті түрде диета сақтауы керек. Тамақ дайындау кезінде тұздалған, қақталған, ащы, әрі түрлі дәмдеуіштер қосылған тағамдарды пайдаланбаған жөн. Тамақты аш жүріп қалып, бірден тоя жемеу керек, күніне аз-аздан 4-5 рет тамақтану дұрыс деп саналады. Жарма өнімдерін, кисель, көкөністерді, сүт өнімдерін, жеміс-

Адамның басты байлығы – оның денсаулығы. Спортпен шұғылдану, дұрыс тамақтану, дұрыс демалу – адам денсаулығының кепілі. Кемел келешегімізге дені сау, саналы, білімді, қабілетті мамандар қажет десек, адам ағзасына зиянды әрекеттердің алдын алу, дұрыс тамақтану жөніндегі арнайы мамандардың кеңестерін студент-жастар назарына ұсынып отырмыз.

«Темекіні таста да, саулығыңды сақта!»

Күніне шылымның бір қорабын шегетін адамның өкпесінде бір жылда 150 мл-ге жуық канцерогендік шайырлар жиналады.

Жасөспірімдер, жас жеткіншектер шылымды шылым шегетін адамдарға еліктеп немесе шылым шегуді сән көріп, ересектердің үйретуімен бастап кетеді.

Шылым шеккен адам неше түрлі ауруларға, соның ішінде ауыз қуысының қатерлі ісігі, өңеш қатерлі ісігі, тері зақымдалуы, ксориаз, жүрек аурулары, өкпе ауруы, асқазан жарасы секілді ауруларға душар болады. Түтін ішіне жұтылып барғанда қолқаның өне бойына оратылып барып, оның кейбір бөліктері қолқаны толтырады да, оның тазартушылық қызметін басып тастайды. Аса ірі қолқаларда шырыш көбіктеніп, жөтелді күшейтеді және қақырықты молайтады.

Шылым шегушіге мынадай кеңестер айтар еді:

- Шылымды аз шегуге тырысыңыз!
- Таңертең аш қарынға темекі шекпеңіз!
- Темекі шегуді тастайтын күн жоспарлаңыз!
- Дене шынықтыру, спортпен шұғылда-

нып, салауатты өмір сүру саптарын ұстаныңыз!

Ал ішімдікке келетін болсақ, алкоголь орталық нерв жүйесіне зор әсер етеді. Бас миының жұмысын бәсеңдетеді және есте сақтау процесін төмендетеді. Алкогольді бір рет қана көп мөлшерде ішу бас миында қалыпқа келмейтін өзгерістерге әкеледі. Алкоголь қозғалу координациясын бұзады және жеделдік реакциясын төмендетеді. Спирттік ішімдікке салынып кеткендердің өмір сүру ұзақтығы халықтық өмір сүру ұзақтығынан кем болады, құқыққа қарсы әрекеттерді жасаудың жиі себебі болады. Маскүнемдік кез-келген алкогольдік ішімдікті, соның ішінде сыраны ішу нәтижесінде пайда болуы мүмкін. Жастар арасында, студенттер арасында жиі-жиі салауатты өмір сүру жөнінде дәрістер оқылып, дөңгелек үстелдер, пікірсайыстар өткізіліп тұрса, нұр үстіне нұр болар еді.

А. МЫРЗАҒАЛИЕВ,

Облыстық наркологиялық диспансердің I санатты дәрігер-наркологы.



жидектерді, бұға піскен тағамдарды пайдалану адам ағзасы үшін өте пайдалы.

Студент жастар, әсіресе жатақханаларда тұратындар қоғамдық тамақтану орындарында жоғарыда айтылған кеңестерді ескере бермейтіні белгілі. Сондықтан тамақ ішу кезінде асықпау керек. Бұл ретте тістеріңіздің сау болғаны да дұрыс. Тамақ ауыз қуысында жақсы ұсақталып, сұйық күйінде асқазанға жеткені жөн. Сонда асқазанға түскен тағам оны механикалық тұрғыда жұмысын жеңілдеті түседі.

Асқазан аурулары да өзге аурулар сияқты көктем, күз мезгілінде қабынуы қайталанатын. Сондықтан осы уақыттарда профилактикалық ем қолданған жөн. Емді қабылдау міндетті түрде дәрігерлік тексерістен кейін, белгілі бір жүйемен жүргізіледі. Дәрі-дәрмек, дәрумендер пайдаланудың, физиотерапиялық, фитотера-

пиялық, санаториялық ем қабылдап отырудың еш зияны жоқ.

Басты байлығымыз – денсаулығымызды күтіп, «Ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын іздейік» - ағайын!

Г.С. ИБРАГИМОВА,

Облыстық клиникалық аурухана дәрігері, физиотерапевт.






n Сіз қалай ойлайсыз...

КОМПЬЮТЕРЛІК ОЙЫНДАР белең алып бармай ма?

Компьютерлік ойындардың зияны туралы айтылып-ақ келеді. Алайда, бұған мән беріп жатқан көп ешкімді көрмейсің. Керісінше, күн өткен сайын балалардың аталған ойындарға деген тәуелділігі көбейіп барады. Мәселен, дәрігерлер мен психологтардың пікірінше, теледидар мен компьютерлік ойындардың бала сана-сына тигізетін зияны шаш етектен. Яғни, тапжылмай ұзақ уақыт көгілдір экран алдында отыру, біріншіден, баланың ой-өрісінің да-



муын шектесе, екіншіден, оның мінез-құлқының өзгеруіне әсер етеді екен.

Қазіргі таңда екінің бірінің үйінде компьютер бар. Жастарымыздың, оқушылардың көпшілігі бос уақытын осы көгілдір экранның алдында өткізеді. Онан қалса теледидардан шет елдің шуы көп мультфильмдері мен киноларын тамашалайды. Яғни, көп уақытты көгілдір экранның алдында өткізеді. Кейде үй тірлігіне алаңдаған ата-ана баласының тыныш отырғанын тәуір көріп, компьютер мен теледидарды көруіне ешқандай шек қоймайды. Керісінше, ойынның түрін әкеліп баланы қызықтыратындар бар. Бірақ уақыт өте келе олар кішкентайларының компьютерге қалай тәуелді болып қалғанын аңғармай қалады. Менің айтайын дегенім, компьютерлік ойындар жайында болмақ. Ал компьютерлік ойын кімге болса да қызық. Кейде үлкендердің өзі осы ойынның шыр-мауынан шыға алмай қалады. Компьютерлік ойындардың негізгі түрі - атыс-шабыс, төбелес. Бұл, әрине кімнің болмасын мінез-құлқына әсер етпей қоймасы анық. Өйткені, ойынның бас кейіпкері болған бала үнемі ұта бермейді. Кейде жеңеді, кейде жеңіледі. Ал ұтылған сайын оның ойынға деген құмарлығы арта түседі. Өзі сол әлемнің батыры болуға ұмтылады. Сайттағы дүниені ұмытып, қым-қиғаш соғыс алаңында немесе сатырлаған төбелестің ортасында, әйтеуір, жарыс алаңында жүреді. Бұндай кезде баланың жүйке жүйесі бұзылып, ашу-ызаға жол береді. Ұтылып қалса, көңіл-күйі баймайды. Тіпті осындай кезде айналасындағы адамдардың сөзін тыңдамай, ренжісіп қалуы мүмкін. Екіншіден, компьютерлік ойындардың көпшілігі атыс-шабысқа негізделгендіктен, бұндай ойынға әуес балалардың бойында мейірімділік, ізгілік қасиеттері азаятыны белгілі. Шектен тыс құмарлық баланы компьютерге тәуелділікке әкеліп соқтырады. Оны өзге әлем қызықтырмайтын халге жеткізеді. Сондай-ақ қазір қалада компьютерлік клубтар жұмыс істейтіні белгілі. Компьютерлік клубтардың түнгі уақытта ақшасының арзандайтыны да белгілі. Үйдегі ойынға ата-анасы тыйым салған оқушылар уақытын осындай клубтарда өткізеді. Тіпті, бұл жердегі ойын үйдегі жалғыз отырып ойнаған ойыннан әлдеқайда қызық. Арнайы желі арқылы ойын қызығына түскен олар бірін-бірі жеңіп шыққанша тапжылмайды. Тіпті, ойынға белгілі бір ұтыс тігіп «пайдаға» кенелетіндер бар. Ал бұндай ойынқұмар баланың сабаққа құлшынысы болмайтыны анық. Бұған қоса соңғы кезде ұялы телефон арқылы mail-агент жүйесімен тілдесе де оқушылардың сүйікті ісіне айналды. Компьютер алдында ұзақ отыру, біріншіден, баланың көзіне зиян. Өйткені үздіксіз экранға қадалу көз жанарының көруін әлсіретіп, құлақтың есту қабілетін төмендетеді. Көз экрандағы мәтін немесе өзге де бейнелердің әлсіз дірілдеулерін тез қабылдайды екен.

Сөйтіп көзге шамадан тыс салмақ түсіп, көру қабілетін жоғалтады. Мәселен, экрандағы түрлі түстер, тіпті әріптер мен терезелер де көзге теріс әсерін тигізеді. Осының салдарынан көз жасаурап, тез шаршайды. Егер дер уақытында алдын алмаса, бұл түрлі көз ауруларына соқтыруы мүмкін. Баланың ұйқысы бұзылып, асқа төбеті болмайды. Ал ұйқысы қанбаған баланың ойлау қабілеті әлсіреп, зейіні төмендейтіні белгілі. Екіншіден, бала компьютер алдында дұрыс отырмаса, симбаты бұзылады. Бел омыртқаға көп күш түскендіктен, омыртқа қалыптасқан үлгіден өзгеріске ұшырайды. Соның салдарынан скалиоз, омыртқа ауруына шалдығуы мүмкін, ең бастысы адамның жүйке жүйесіне әсері мол. Ғалымдар уақытының көп мөлшерін компьютер алдында өткізетін адамдардың басқа адамдарға қарағанда онкологиялық ауруларға ұшырау қаупінің басымдау екенін айтып отыр. Сонымен қатар, қазіргі қала көшелеріндегі қаптаған компьютерлік клубтардағы ойындар адамды лейкоз дертіне шалдықтыратынын дәлелдеген.

Сондықтан, компьютердің өзін пайдасы мен қоса зияны да шаш етектен екенін естен шығармай нақты жұмыс кезінде пайдаланған, ел болашағы болар, жастар!

БОЛАШАҚ БҮГІННЕН БАСТАЛАДЫ

Қазіргі жасөспірімдеріміздің рухани жан-дүниесі қандай дәрежеде екен?! Біз жастарымызды рухани бай тұлға деп айта аламыз ба?!

Иә, бұл - үлкен толғанарлық көкейкесті мәселелердің бірі. Қазіргі «жантақтан ине, жалбыздан түйме» жасайтын заманда ойлау жүйеміз техникаға көшіп кетіп, өз бетімізбен ойлаудан қалып қоймаймыз ба екен деген сауалдар кейде толғандырады. Кемелі асқақ мемлекетіміздің одан әрі дамып, өркендеуіне бұл жағдайлар әсер етпей қоймасы анық. Оған себеп не? Бұл күнде бүлдіршіндерге арналған ойындар, мультфильмдердің өзі шет ел кейіпкерлерінің қатысуымен көрсетіледі, яғни бала ешқандай тәлім-тәрбие ұғынып ала алмасы анық. Бесалты жастағы баланың өзі поукмен, шрек деп сайрап тұратыны қазіргі кезде таңсық та болмай кетті. Осыған қатысы бар тағы бір мәселе - теледидардағы балаларға арналған бағдарламалар айдарының саны бірен-саран болуы не өз тілімізде емес өзге тілден аударған мультфильмдер болуы. Қазіргі таңда бүлдіршіндерге арнап шығарылған азын-шоғын ертегілер бар. Мысалы: «Алдар көсеге» қатысты, «Қожана-сырға» қатысты. Егер төл әдебиетіміздегі аңыз-ертегілерге, дастан-шығармаларға, батырлар жырларына мультфильмдер түсірсе, өсіп келе жатқан балғындарға арналған тәлім-тәрбиелік мәні зор, қызықты, логикалық, яки баланың ойлау қабілетін арттырып, баланың ішкі жан-дүниесін пәк сезімге баулитын, рухани байлыққа қанағаттандырып, инабаттылыққа, сыйластыққа шақыратын, өмірге деген көзқарасын қалыптастыратын теледидар, газет-журнал, кітап баспасының, т. б. айдарының саны басым болса нұр үстіне нұр болар еді. Бұл таңда жасөспірімдерді газет-журналдардан гөрі, маңызы жоқ компьютерлік ойындар, көшедегі құмарлық ұтыс ойындар қызықтырып бара жатырғандай. Ал мұндай жағымсыз қылықтар мемлекетіміздің демография жағдайының күйреуіне әкеп соғатыны айдан анық. «Жібекті түте алмаған жүн етеді» дегендей ұлтымыздың рухын аздырып, тілімізді тоздырып алмас үшін өзге елден, өзге тілден енген мұраларға сақтықпен қарамасақ, ертең таяғымыздың ұшы өзімізге келіп тимесіне кім кепіл?! Еліміздің келешегі - жастардың қолында емес пе?! Сондықтан алдыңғы толқын ағалар бас болып, ұлтты ұйытатын істер жасасaq, нұр үстіне нұр болар. Жеткіншектердің тәрбиесіне ата-ана, ұстаз болып көңіл бөлсек, қазіргі заманға сай білімді, жігерлі, әділ, мәдениетті, өресі биік тұлға қалыптасатынына сенімім мол.

Гүлсезім ЕРБОЛАТҚЫЗЫ.

**Ардақты
ардагерлер,
тыл еңбеккерлері!**

Сіздердің қай кезде де алдыңғы сапта жүріп, туған Қазақстанымызда бейбітшілік пен достықты, татулықты орнықтырып келе жатқандарыңыз үшін, еске алу ұрпаққа тәрбие беруге өлшеусіз үлес қосып келе жатқандарыңыз үшін біз ақ алғысымызды арнаймыз.

Сіздерді Ұлы Жеңіс күнімен құттықтай отырып, Сіздерге зор денсаулық, бақыт және алаңсыздық тілейміз! Сол жеңісті жақындатқан барша ардагер ағаларымыз бен аналарымыз алдында бүгінгі ұрпақ атынан бас иеміз.

Бейбітшілік, ынтымақ және бірлік біздің күш жігеріміздің басты бағдары болып табылсын!

**Университет ректоры
Тұяқбай Зейітұлы РЫСБЕКОВ**

ЖАҢАЛЫҚТАР

Ә. М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың жас ғалымдар кеңесі Қазақстан Республикасы тұңғыш Президентінің қоры ұйымдастырған «Интеллектуалды жасампаз қоғам: білім және жаңа технологиялар» әлеуметтік идеялар мен жобалар жәрмеңкесі – 2010 «Өлкетану бойынша стереоброшуралар сериясын жасау» жобасымен «Оқу-әдістемелік және білімдік әдебиет» номинациясын иеленді.

Ә. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық Кансерваториясында «Музыкалық өнердің теориясы мен тарихы», «Музыкалық педагогика» бағыты бойынша Қазақстан Республикасының жоғары оқу орны арасында студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша байқау болып өтті. Студенттік ғылыми-зерттеу жұмысы комиссиясының шешімімен музыкатану мамандығының 2 курс студенті Таудаева Эльмираһның «Батыс өңірінің дәстүрлі ән өнері» жұмысы байқаудың III кезеңіне қатысу үшін ҚР Білім және ғылым министрлігіне жолданып, III дәрежелі дипломмен марапатталды. Ғылыми жетекшісі аға оқытушы С.А. Маулетова. Байқаудың қорытындысы бойынша «Музыкалық шығармадағы «Бұлбұл» бейнесінің көркемделуі» тақырыбымен музыкатану мамандығының 2 курс студенті Құсайынова Гүлназ II орын иеленді. Жетекшісі - аға оқытушы С.А. Маулетова. «Қылқобызда ойналатын эпикалық күйлер» атты ғылыми жұмысымен музыкатану мамандығының 3 курс студенті Елешова Дария II дәрежелі дипломмен марапатталды. Ғылыми жетекшілік еткен аға оқытушы А.Т. Ергалиева.

Ә. Сутасқынынан зардап шеккен Оңтүстік Қазақстан облысындағы отандастарымызға көмек беру мақсатында М.Өтемісов атындағы БҚМУ ұжымы 1 күндік еңбеккерлерінен қаржылай көмек берді.

Ә. Жақсы үрдіске айналған жалпықалалық сенбілікке университет ұжымы да өз үлестерін қосты. Сенбілік айлығы аясында әр оқуғимараттарының айналасы абаттандырылып, тазартылды. Сонымен қоса арнайы белгіленген оқытушылармен студент жастар қала көшелерін күл-қоқыстан тазартты. Ұйымшылдықпен өткен жұмыс қауымыздың тазалығын сақтап, жастардың белсенді еңбек етуіне септігін тигізді.

**Бұл тағдыр бабын алсын, бағын алсын,
Тілесе тіпті тіл мен жағын алсын.
Тек қана туған жерден айнымасын,
Тұл қалған тіршілікті жалын алсын.**
Жұбан Молдағалиев

Жақсы істің басына, жақсы келер қасына

Атырау, Нарын, Ақжайық.... кең өлке - тарихы шексіз, дәстүрі шексіз атажұрт... Әні мен күйі шалқыған, сыры мен жыры тасынған ғажайып сұлу сахара. Қазақ поэзиясының алыптары бұл атырапқа ежелден ғашық көзбен тебірене де емірене қараған; ақпа-төкпе шерлі жыр, ағыл-тегіл шежіре сыр солардан тараған. Осынау Ақжайық өлкесі дарынды, тума таланттарға толы. Солар-

дық қуатымен таныла білген талантты жерлес ақынымыз Жұбан Молдағалиевтің рухани мұрасын кейінгі ұрпақ жадына жаңғыртып насихаттау, сөз қадірін түсінуге баулу.

Ж.Молдағалиев атындағы «Жас қаламгер» әдеби бірлестігінің ашылу салтанаты М. Өтемісов атындағы БҚМУ-дың конференция залында болып өтті. Осындай игі ба-



дың өнегелі өмірлеріне арқау еткен өлеңдері - ұрпаққа үлгі. Ақжайықтың кітаптың әр бетінде әр түрлі тіршілік дүниесі бар. Ақжайықта туған дарынды да, тума талант ақын-дар шешілген қара тасқа тіл бітіріп, сөйлетіп, ән салғызады. Жел қыздырған бір түп құрылшиге немесе селдір қияққа шежіре шерткізіп, ертеке айтқызып қояды. Суды күйде сылқ-сылқ күлдіреді. Кейде ызаға булықтырып, бұлқынып байлап тастайды. Тауы саздап, тұнжырап, ызғар шашады. Кейде қаңқ-қаңқ етіп, сізге наз айтады.

Әр ортаның жарық жұлдызы секілді төңірегіне шұғыла шашып, жарқырап тұратын айрықша асыл тұлғалары болады. Асылы құш Нарын, иелі Ақжайық өлкесінде күміс көмей әнші, арқалы күйші, сөз оздырған шешен, суырып салма ақындар аз болмаған. Қайсыбірін айтасыз?! Ал алтынның сынығындай, ескінің сарқытындай болған ақын Жұбан Молдағалиевтің қазақ поэзиясындағы орны қашан да ерекше.

Орал облысының Тайпақ ауданындағы Жыланды деген жерде туып, Ұлы Отан соғысына қатысып, Ленин орденімен, екі рет Еңбек Қызыл Ту, екі рет 2-ші дәрежелі Отан соғысы, «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталып, 1985 жылы «Қазақ КСР халық жазушысы» құрметті атағын алған ақын Жұбан Молдағалиевтің быыл 90 жылдық мерейтойы тойланбақшы. Осыған байланысты Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде Ж.Молдағалиев атындағы «Жас қаламгер» әдеби бірлестігі құрылды. Бұл бірлестіктің басты мақсаты – қазақ поэзиясында өзіндік өлең өрнегімен, өзіндік ақын-

стама Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры Т.З.Рысбековтың үлкен қолдауына ие болды.

Әдеби бірлестіктің ашылу салтанатындағы алғы сөзінде ректор Т.З.Рысбеков Жұбан өмірін ұрпаққа үлгі етіп, өнерін насихаттауға бұл бірлестіктің маңыздылығын баса айтты. Жыын барысында филол.ғ.к., доцент С.Ф.Шарабасов «Ж.Молдағалиев поэзияларының қазақ әдебиетіндегі орны», өлкетанушы ғалым Ж.Ақтай «Жұбан кісілігі» тақырыптарында тағылымға толы баяндамаларын оқыды.

Әдеби бірлестіктің төрағасы «Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі, филол.ғ.к., доцент А.Ы.Мамыров «Жұбан тойы - жалпы қазақ тойы» деп бағалап, ақын Ж.Молдағалиевтің 90 жылдық мерейтойы қарсаңында өткізілетін іс-шараларға кеңінен тоқтапып өтті.

Сондай-ақ, осы жылында «Қазақ филологиясы» бөлімінің студенттері Жұбан ақынның өлеңдерін жатқа оқып, ақылық ақынға арнауларын арнады. Осынау әдеби бірлестіктің ашылу салтанатына облыстық, қалалық телеарналардың, бұқаралық ақпарат құралдарының бір топ өкілдері қатысты. Жаңадан тұсауын кескен Ж.Молдағалиев атындағы «Жас қаламгер» әдеби бірлестігіне игі бастамалар тілей отырып, «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, студенттер мен ұстаздар қауымын бірігіп жұмыстануға шақырамыз.

АСЫЛХАНОВА Елдана,
Қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің
2 курс студенті.





Мамандығым - МАҚТАНЫШЫМ



М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың спорт сарайында педагогикалық емес мамандығы бойынша білім алушы студенттердің қатысуымен «Мансап күні» - ЖОО бітіруші түлектер үшін дәстүрлі шара ұйымдастырылып өткізілген болатын.

Бұл шараны ұйымдастырудың негізгі мақсаты – қапамыздағы және облыс көлеміндегі әр түрлі мекеме-ұйымдардың сұранысын қанағаттандыру, яғни қажет етіп отырған мамандармен қамтамасыз ету, университет түлектерінің жұмысқа орналасуларына жағдай жасау.

Биылғы жылда 1058 түлектің 557-сі құқық, қызмет көрсету, экономика және бизнес, өнер, әлеуметтік, техникалық және жаратылыстану ғылымдары бағытында білім алып шықпақшы.

2010 жылы 11 сәуір күні М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде Польша және Ресей жоғары оқу орындарымен бірлесе отырып, «қосдипломдық білім беру, бірлескен білім және қайта даярлау» бағдарламасы бойынша тұсаукесер өтті.

Тұсаукесерде ректор Т.З.Рысбеков осы арнайы шараның ба-

Қосдипломдық білім

рысымен таныстырып, құттықтау сөз сөйледі. «Қосдипломдық білім беру және бірлескен бағдарламаларды даярлаудың жалпы формалары» тақырыбында О.В.Юров, «Ресей Халықтар Достығы университетімен бірлесе отырып, магистратура мамандықтары бойынша қосдипломдық білім беру (Менеджмент – жалпы және стратегиялық менеджмент) және бакалавриат бойынша (Мұнай-газ саласындағы менеджмент)» тақырыбында Т.Ф.Череватова, «Польшаның Быдгощ қаласындағы Халықаралық туризм және мәдениет институтында «Туризм» мамандығы бойынша студенттерге диплом беріп, қосымша біліктілік алуы» тақырыбында М.Б.Бардосова, «Ресей Халықтар Достығы университетімен бірлесе отырып, «Лингвистика» мамандығы бойынша бірлескен оқыту бағдарламасын даярлау» тақырыбында Н.М.Щербанов арнайы слайдтармен көрнекі баяндамалар жасады. Болашақта Ресейден, Польшадан алатын мемлекеттік үлгідегі дипломдар көрсетілді. Басқосу барысында жиылған қауым өздерін қызықтырған мәселелер бойынша сұрақтар қойып, пікір білісті.

«Менеджмент» мамандығы бойынша магистрлік бағдарлама Ресей Халықтар Достығы университеті мен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің базасында жасалып, екі университеттің профессорлар мен оқытушылар құрамымен жүзеге асырылып отыр. Бағдарлама екі университет арасындағы біртұтас келісілген білім беру бағдарламасы шеңберінде бір-бірін толықтырып отыратын пәндерді оқытуды көздейді. Білім беру процесі білім беру саласында қолданыстағы заңнамаларға сәйкес жасалған бекітілген оқу жоспары мен бағдарламалар бойынша сырттай оқу негізінде жүзеге асырылады. Оқу мерзімі – 2,5

жыл. Бағдарлама бойынша оқуды аяқтаған соң магистранттар Ресей Федерациясының мемлекеттік үлгідегі білім беру туралы құжатты алады. Магистратура бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау келісімдік негізде азаматтардың өтініштері бойынша арнайы емтихан нәтижелеріне орай жүргізіледі. Оқуға тапсырушылардың бакалавр, магистр немесе маман дипломы болуы керек. Сонымен қатар, бакалавриат бойынша «Мұнай-газ саласындағы менеджмент» мамандығы бойынша қосдипломдық білім беру бағдарламасы жүзеге асты. Бұл бағдарлама бойынша студенттер 2 жыл оқып, мемлекеттік дипломды қоса алып шығатын болады.

Қазіргі таңда М.Өтемісов атындағы БҚМУ студенттері Польшаның Быдгощ қаласындағы Халықаралық туризм және мәдениет институтында білім алады.

ХТМИ-да бакалавриат жүйесімен 1, 2 жыл немесе 3 жыл оқуға болады. Кез келген жағдайда өткен пән бойынша белгіленген мамандық бойынша диплом алады. ХТМИ БҚМУ-да алынған оқу несиелерін есептейді. БҚМУ-дың 11 студенті Быдгощ қаласында оқып, 22 наурызда дипломдық жобаларын қорғап, 1 курсты бітіргендігі туралы диплом алды. Енді сәуірдің аяғына дейін студенттер дипломдық жобаларын қорғап, оқудың 2 жылдығының дипломын алмақ. Егер студенттер бакалавр дипломын алуға дайын болған жағдайда (3жыл), бұл қадамның іске асуын университет толық ұйымдастыра алады.

ХТМИ Халықаралық ғылым академиясының партнері болып табылады (Халықаралық ғылым академиясы Сан Маринода негізделген оның құрамында 66 елден шамамен 1000-ға жуық мүше-ғалымдар бар). Олардың жұмыс тілі эсперанто болып табылады. Соның арқасында, студенттердің ХФА бакалаврының дипломын алуға мүмкіндіктері бар, сондай-ақ магистратурада оқи жүріп, ғылыми жұмыстарын қорғап, ХФА магистрінің екінші дипломын ала алады. Сондай-ақ, Карлово, Болгария Халықаралық университеттерімен байланыс орнатуды көздеп отыр. Бұл университет ХФА-ның оқу орталығы болып табылады. Мұнда «Туризм» (негізгі мамандық), қосымша мамандықтар: «Эргономика», «Еврология», «Халықаралық патенттік юрисдикция» және осы жылы /11-14.06/ ғылыми семинарының шеңберінде «Журналистика» мамандығының ашылуы жоспарлануда. Сонымен қатар, Быдгощтағы Ұлы Казимир атындағы университеті де БҚМУ-мен ынтымақтастыққа дайын. Сондай-ақ, БҚМУ-дың жанынан ХТМИ-дің оқу орталығын ұйымдастыру, ХФА-мен келісімге қол қойып және осы арқылы БҚМУ-ға қажетті профессорларды тауып, олармен ынтымақтастық құру да сөз болды.

С.А. БЕККУЖИЕВА.

1 апреля 2010 г. в областном выставочном зале состоялся тандем «Ақжайық қызғалдақтары» молодых художниц Беккалиевой и Бахитовой.

Творческий тандем

Беккалиева Актоты Сабитовна. В 1997 – 2001 гг. закончила с отличием Алматинский колледж Декоративно – прикладного искусства им. О. Тансыкбаева по специальности «скульптура». В 2001 – 2005 закончила в г. Алматы Казахскую национальную академию искусств им. Т. Жургенова по специальности «Монументальная живопись». С 2005 года работает преподавателем в г. Уральске в Западном –Казахстанском государственном университете им.М. Утемисова на кафедре «Художественно– прикладное искусство и профессиональное образование». В 2000 году участвовала в международной конференции русского языка и литературы г. Алматы Казахско - Британского университета. В 2007 году участвовала в региональной выставке - выпускала каталог, посвященный 75 – летию М. Утемисова с произведением «Алтын арман» . В 2008 г. участвовала в г Саратове во вторых Всемирных Дельфийских Играх в номинации «Изобразительное искусство» и получила диплом за удачное декоративное решение. В 2009 участвовала в художественной выставке Жазира Жайығы -2009.

Бахитова Акмарал Сайлауовна в 1996-2000г поступила и окончила с отличием Западном-Казахстанский Государственный Университет по специальности «Декоративное искусство».

В 2001году награждена благодарственным

письмом за участие в конкурсе плаката на тему «Разуй глаза» в рамках дизайн – фестивалю в г. Алматы. Участвовала в областной выставке, посвященной Дню Независимости Казахстана. 2006году участвовала в выставке в городском выставочном зале. Выпущен каталог работ Зап. Каз. отделом культуры г.Уральска. С 2000 года работает преподавателем в г. Уральске в Западном –Казахстанском государственном университете им.М. Утемисова на кафедре «Художественно – прикладное искусство и профессиональное образование».

Когда оценивается творчество большого художника и задается вопрос: в чем его величие, в чем его главная заслуга, то ответы могут быть самые разные.

Один художник открывает новые пласты жизни, недоступные доселе искусству. Другой переосмысливает системы живописи и отыскивает путь к новым живописным приемам. Третий завершает целое направление в развитии художественного творчества.

Все это с полным правом можно сказать о тандеме Беккалиевой Актоты и Бахитовой Акмарал.



мастеров, как Канафия Тельжанов, Досжанов Болат Сапарович, Касымбеков Мельдехан.

Через своих предков все мы причастны к человеческому древу, а через Родину связаны с землей.

Человек живет в мире. Жизнь человека оставляет след в истории. А образ жизни человека определяется его Родиной. Каждый человек несет в себе свою Родину и память своих предков - это неизменная часть любого из нас.

Особенно отражается в произведениях Актоты умение грамотно строить многофигурные композиции, где орнамент является средством выражения человеческого взгляда на окружающую природу, где цвета олицетворяют собой понятие тепла и света, где произведения несут в себе добро, радость, светлые помыслы, благородство души, душевную щедрость и возвышенные чувства любви, весны, счастья, прекрасные светлые мечты - вообще все то лучшее, к чему стремится человек в жизни. Автора интересует сам образ, а не портретное сходство, все изобразительные возможности портрета - позы, жест, композиция, колорит.

Произведения Бахитовой Акмарал свидетельствуют о хорошей профессиональной подготовке и стремлении «испробовать свои силы» в самых различных жанрах. В технике батике, в натюрморте, в пейзаже.

Неиссякаемым источником творческого вдохновения для Акмарал являются цветы, поэтому панно, выполненные в технике батик, - неповторимы, благодаря сочетанию разнообразных техник и приемов, необычайному переливу красок.

Живопись Акмарал свободная и пастозная, ее широкий цветовой диапазон от приглушенных и сближенных тоновых отношений до ярких и звонких красочных созвучий, - вряд ли кого оставит равнодушным.

В натюрмортах художниц очевиден тонкий вкус, понимание богатых декоративных возможностей живописной пластики.

Как сказал Э. Делакруа: «Воображение необходимо художнику и тогда, когда перед ним воочию находится его натура, и в зависимости от того, есть воображение или нет, результат будет разный. Нет атома материи, в которой не содержалось бы поэзии!»

БЕККАЛИЕВОЙ А.С., преподавать кафедры «Художественное – прикладное искусство и профессиональное образование»

ОБЪЯВЛЕНИЕ

В рамках сотрудничества с учебными заведениями Казахстана, 17 марта 2010 года компания Карачаганак Петролеум Оперейтинг Б.В. (КПО) объявляет о Программе грантов для студентов вузов Казахстана на 2010 год и предоставляет стипендии одаренным студентам Казахстана.

Участвовать в данной программе могут только студенты, которым осталось учиться два академических года по следующим дисциплинам: нефтяная инженерия, машиностроение, электротехника, химическая инженерия, геология, геофизика, строительство и техническое обслуживание, контрольно-измерительные приборы и аппаратура, охрана окружающей среды, экономика, ИТ и телекоммуникация.

Индивидуумы, которые получили любые другие гранты КПО, не имеют права участвовать в программе. Индивидуумы, чье образование поддержано Правительством, также не имеют права на гранты КПО.

КПО обеспечит одноразовые гранты в сумме 407 000 тенге, которые будут перечислены в университет в течение текущего учебного года в соответствии с представленным счетом. Общее количество грантов – 15.

Желательно, чтобы кандидат владел английским языком, и рекомендуется заполнять все необходимые документы на английском языке.

ТРЕБОВАНИЯ К УЧАСТИЮ:

1. Список кандидатов на грант, подписанный ректором вуза.
2. Заявление-анкета (Приложение А)
3. Университетский документ с результатами предыдущего периода обучения, средний балл должен быть не меньше «4,5» (Приложение В) Этот документ должен быть нотариально заверен.
4. Копия удостоверения личности.
5. Копия Договора между студентом и университетом.
6. Информация о доходе семьи студента.
7. Копии дипломов, полученных за участие в научных конференциях, конкурсах или соревнованиях.
8. Два рекомендательных письма, подписанных представителями факультета.
9. Сочинение претендента на тему «Как я могу применить знания, полученные мною, для будущего роста Казахской Республики» (в пределах 400 слов, Приложение С).

Крайний срок подачи документов – 25 июня 2010 года.
ВНИМАНИЕ! До 25 июня! Документы принимает Служба Международного Сотрудничества, глав. корпус ЗКГУ, каб.105

Неполные заявления, пакет с неполным набором документов, документы, представленные после названного срока, рассматриваться не будут.

По всем вопросам, а также для получения анкет – Приложение А,В и С, обращаться в Службу международного сотрудничества Западно-Казахстанского государственного университета им. М. Утемисова по телефону 8 (711-2) 26-03-77 либо к координатору данной программы в г. Аксай по тел. 8 763 222 61 70, 8 777 780 76 41 – Игизова Шолпан.

Заполненные анкеты и собранные необходимые документы сдать не позднее 25 июня 2010 года в Службу международного сотрудничества.





«Айналайын, ақ келін»



Аяулы сіңімі!

Осал да болма ойыннан оңай адаспан, Өжет те болма орынсыз сөзге таласқан. Алдымен қызға керегі пәктік, адалдық, Одан соң жаным жаз мінез керек жарасқан.

Айтарым тағы берік бол сертке, бір сөйле, Сабырлы таудың мінезі керек күлсең де. Қыз мінез деген-сұлулық сыры өмірдің, Жұмбақтай қиын жатқандай болсын бір сенде.

Десек те біздер жастықтың сырын аз ұқтық, Өмірдің жолы болмайды тегіс жазықтық. Ісіңнен кейін есіңе сақта жарқыным, Жеңілмес мықты қаруың сенің - нәзіктік.

Ақұштап Бақтыгереева



Тән сұлулығы - теңіз бетіндегі көпіршігі мол толқын.

Жан сұлулығы - бұл тереңдегі ағын.

Екеуі екі басқа дүние.

Осы екі қасиет бір адамның басында ұштасса ғұмыр бойы айналасын нұрға бөлеп өтер еді.

Қойылымда айтылатын «Шешесіне қарап қызын ал, Аяғына қарап асын іш», «Тең-теңімен, Тезек-қабымен» деген мақалдардың өзі қойылымға кеңінен сипат бергендей сезіледі. Қос ғашық Ақатай мен Әлияның қосылуына кедергі болып баққан, ақыры өз баласын бақытсыз еткен Ақатайдың адуынды анасы Қайша, дәрменсіз, бос-белбеу әке Баймұқан, қызының бақыты үшін шыр-пыр болған Әлияның анасы Зибә, күнәдан пәк, жас сәбидей аңғал Әлия, арманшыл, өз анасынан асқан қу, ғашық Ақатай, қос ғашықтың қосылуына жәрдемдесіп, сан салалы айланымен енесін бағындырған, қала қызы Мәнсияның рөлі асқан шеберлікпен, тамаша тағаммен сомдалып, үлкен ізденістің нәтижесі екендігін көрсетті.

Қойылымда сөз етілген қыз тәрбиесі қашанда маңызды тақырып. Бүгінгі қыз, ертеңгі келін, болашақ ана. Ол дүниеге өмір таратады, қоғам игілігіне еңбегімен үлес қосады, отбасыға қуаныш әкеледі. Сол үшін ол қарлығаштай лыпып, ешқашан тыныш таппайды. Бұдан басқа тіршілікті ешбір әйел өмір деп түсінбейді. Қойылымда Ақатайға қосылып, Баймұқан мен Қайшаның шаңырағына келін болып түскен қала қызы Мәнсияның тірлігі мен іс-әрекеті, қазақ қызына жат мінез-құлқы әрбір адамды еріксіз ойландырады. Күлдіре отырып жылатады. Қуанта отырып мұңайтады. Санаңа сан түрлі ойлар тізбектейді. Қойылымнан қазіргі өмір шындығын көргендей боласың. Е.Домбаевтың бұл туындысының қалың бұқара халыққа ой салудағы орны зор екендігін айта отырып, талантты драматургтың көргендігіне беріксіз бас иесің. Осы «Айналайын, ақ келін!» қойылымын көре отырып, санама түйген ойымды сіздермен бөліспекпін.

Қазақ әйелі – ол ең алдымен ана, аяулы жар, ардақты әже, біреудің мәпелеген қызы.

Қазақ әйелінің бойында жан сұлулығы мен тән сұлулығы жарасым тауып, ибалы да инабатты, сабырлы да сымбатты, ақкөңіл де ажарлы, қонақжай әрі қылықты болуы тиіс. Қазақ әйелі - жолдасының жанын түсініп, жағдайын жасай алатын ажары, сенімді серігі, ошағының түтінін түзу ұшыра алатын шаруақор, тұрмыстың бейнәтсіз мен зейнетінен қашпайтын, жолдасына адал да, арлы жан. «Жақсы әйел жаман еркекті төрге сүйрейді, жаман әйел жақсы еркекті көрге сүйрейді» деп дана қазақ бекер айтпаса керек. Қазақ әйелі қашанда - отбасының тірегі, жолдасының таянышы, балаларының қамқоршысы. Біздің дара дарын ақын жерлесіміз Ж.Молдағалиевтың осыдан елу жылға жуық уақыт бұрын «Мен қазақ әйеліне қайран қалам» деп жырлауының өзі ақын таңданысын сипаттайды емес пе?!

Көрермен көңілінен шыққан «Айналайын, ақ келін!» қойылымының қоюшы режиссері - «Режиссура» мамандығының 5 курс студенті Арайлым Ихсанованың, режиссер көмекшісі 5 курс студенті Нұргүл Джакупованың еңбектері орасан зор. Басты рөлдерді сомдаған Баймұқан - Асылхан Байкуатов, Қайша - Арайлым Ихсанова, Зибә - Нұргүл Джакупова, Ақатай - Эльдар Аубақеров, Әлия - Асемгүл Бақтыгереева, Мәнсия - Әдемі Нажмеденовалардың өнеріне көрермен халық түрегеп қол соқты. Қойылым жас режиссер Ихсанова Арайлымның қайта жаңғыртуымен заманауи бағытта өтті. Қойылым соңында университеттің ардагер ұстаздары Халам Сүйінішәлиев ағамыз бен Меруерт Жолдықайырова апамыз қойылымнан алған әсерлерімен ой бөлісіп, талантты жас әртістерге ақ баталарын берді.

М.Әуезовше айтсақ, «Ел боламын десең - бесіңді түзе». Әйел адамның абыройына, тәлім-тәрбиесіне бүкіл бір ұлттың тағдыры байлаулы тұр. Құрбыларым, жаның да, тәнің де сұлу болғай!

Елдана АСЫЛХАНОВА,
Қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің
2 курс студенті.

М.Өтемісов атындағы БҚМУ акт залына Бекет Атаның 260 жылдығына орай жарық көрген «Бекет Ата» кітабының тұсаукесер рәсімі болды.

«Даланың дархан данасы»

Киелі Маңғыстау өңірінен «Бекет Ата» туралы кітаптың тұсау кесер рәсіміне Ж.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры, филол.ғ.д.Қадір Өтегенұлы Жүсіп пен «Бекет Ата» кітабының құрастырушысы, «Бекет Ата» атындағы мешітінің қызметкері (имамы) Ислам Мырзабекұлы жол бастап келді.

Кешті жүргізген БҚМУ профессоры Серікқали Шарабасов талай кездесулер мен түрлі тарихи кештердің куәсі болған университеттің акт залы Бекет ата кітабының тұсау кесер кешімен жалғасып отырғанын, ол кітаптың маңыздылығын айтып, келген қонақтарды таныстырып өтті.

Тұсаукесер рәсімінде алғаш сөз алған І проректор Тасмағамбетов Әсет Сембайұлы «Бекет Ата» туралы жалпы мағлұмат беріп, жастар арасында тәрбиелік мәні бар кеш екендігін айтты.

Қадір Өтегенұлы Бекет ата турасында жастарға өмір жолын айтып өтті.

Аңыз бойынша XVIII ғасырдың екінші жартысында Бекет Ата өмір сүрген. Атырау облысының Құлсары ауылының жанында туып, 14 жаста ақылгөй дана Шопан Атаға барады. Шопан Ата алдынан білім алып, оқушы алыс Живаға барып, медреседе білімін жалғастырған. 40 жасқа жеткенде ол ұстаз болып, балаларды оқытқан.

Бекет Ата бірнеше қасиетті жерлерде болып, Маңғыстау өңіріне оралады. Ол науқас адамдарды емдеп, оларға өмірлік күш сыйлаған. Дәу сұрақтары туындағанда даналығымен екі жақты бітімгерлікке әкелген. Бекет Ата өзінің айтылымдарында шындықпен жол ашатын болған. Халықтың жадында ақылгөй және қалмақтармен соғысқанда қолбасшы ретінде сақталған болатын. Батырлық мінезі бар, оның арғы атасы – Есет батыр деген деректер кездеседі. Ол 4 мешітті салдырған: Құлсарысының біріншісі – Ақ мешіт, екіншісі - Бейнеу ауылынан 20 шақырым жерде, үшіншісі – Үстірттегі Байшатыр, төртіншісі - жерасты мешіті шын массивті Оғланды. Бөлмелері – жеті. Оның ішінде киелі акустика. Осы мешіттің жанында жерленген - Бекет Ата діни, тарихи және сәулет ескерткіші.



Ислам атаның немерелері кітаптан үзінділерді жатқа айтып, көрерменді тәнті етті.

Ислам Мырзабекұлы құрастырған «Бекет Ата» кітабының 12 данасы университеттің ғылыми кітапханасына сыйға тартылды. Жалпы жинақтың таралымы - 4000 дана. 740 беттік кітап 9 бөлімнен тұрады. Оған Бекет ата Мырзағұлұлының өмірбаяны, оның атындағы мешіттер мен оның қалдырған мұралары, ата туралы жазылған ғылыми-тарихи зерттеулері, «Пір Бекет - мәңгі мақтанышым» атты мақалалар жиынтығы, атаның тегі, Қосқұлақ руынан шыққан өзге де белгілі адамдар, ата туралы ел аузындағы әңгіме-аңыздар, «Кітап ішіндегі кітап» атты бұған дейінгі ол туралы шыққан туындылар, Бекет Атаны ұлықтау мақсатында өткен іс-шаралар, сондай-ақ сұхбаттар мен ой-пікірлер топтамасы кіреді.

Оқырмандарымызды «Бекет Ата» кітабымен оқып, танысуға шақырамыз.

Н. ЕРМЕҚАЛИЕВА,

Ақпараттық-библиографиялық бөлім меңгерушісі.

САМҒАУ - әрбір жастың мұраты



Саналы да сапалы, білімді де белсенді жастары бар елдің қашан да еңсесі биік, болашағы зор болмақ, - деп елбасты Н.Ә.Назарбаев айтқандай кезекті білім додасы, яғни Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары студенттерінің ІІ Республикалық пәндік олимпиадасы 25-27 наурыз аралығында ару қала Алматының Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде оздырылды.

Өз мамандығының қыр-сырын меңгеріп, білікті маман болуды ойлаған студенттер олимпиадасы сегіз сала бойынша өткізілді.

Өз жерінің, білім ордасының намысын ту қылған, бойларында жалыны бар қатысушы жастардың білім сайысы тартысты да табысты өтті. Өйткені байқау – рухани байлық пен шығарма

шылық шыңдалуға қайнар көз бола білді. Қазіргі таңда ғылымның шыңын бағындырып жүрген мүйізі қарағайдай ғалымдарды көрудің өзі бір бақыт болса, пікір алысу - зор тәлімді тәрбие.

Әрбір жастың санасына шұғылалы нұр сыйлаған білім бәйгесіне қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінен 4-курс студенттері Жан-туриева Гүлнұр мен Исмағұлова Гүлмерей және 2-курс студенті Молдашева Айкүн қатысты.

Бұл сайыста еліміздің түкпір-түкпірінен келген он екі команда бақ сынады.

Білім сайысы шығарма жұмысы, кешенді тілдік және әдеби теориялық талдау және қоғамдағы, ғылымдағы жаңаша бағыттар бойынша пікірсайыс кезеңдерінен тұрды.

Биылғы республикалық пәндік олимпиадасының ең басты ерекшелігі - әрбір қатысушының барлық кезеңдер бойынша сайысқа түсуі.

Самғау - әрбір жастың мұраты болса да, сайыста жүлде орны шектеулі, әрі сонысымен де тартысты. Аталмыш байқаудың командалық жүлделі орындары С.Дем, Қ.А.Яссауи атындағы ХҚТУ-ға және Қ.А.Яссауи атындағы ХҚТУ Шымкент институтына бұйырса, ал жеке есеп бойынша Исмағұлова Гүлмерей ІІІ орын алды.

“Өмірден орныңды алам десең, кәсібіңше шебер бол”, - деген ұранды ұстанған жарысқа қатысушы биылғы түлектерге жалындап жанғанның жарық берері анық, - дер едім.

“Ұлттың болашағы – ұрпағында болса, ұрпақтың тәрбиесі – ұстаз қолында”, -деп орыстың ұлы жазушысы Л.Толстой айтқандай тәрбиеге толы білім берген ұстаздарға, шыңдалуға мүмкіндік сыйлаған университетке алғысымыз зор.

Айкүн ТАЛҒАТҚЫЗЫ,

Қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің 2-курс студенті.





УЧИТЕЛЬ *от бога*



Удивительна человеческая память. Кто остается в ней метеоритом, недолгой вспышкой, а кто - величиной постоянной, путеводной звездой. Встреча с таким человеком - радость в сердце, его образ - ориентир. Наша альма-матер - Уральский педагогический институт (ныне ЗКГУ) была щедра на мудрых педагогов и наставников. И особое место в этом ряду занимает удивительная женщина, таинственная и загадочная, словно сама Госпожа История, - Ольга Ивановна Гришина.

Несомненно, в сердцах сотен студентов, которые в течение тридцати лет слушали лекции талантливого преподавателя, осталась глубокая признательность. Никогда не забыть изысканный стиль её лекций, пробуждающих тягу к высокой духовности и открывающих двери в запутанный и неповторимый мир истории.

Ольга Ивановна обладала подлинно энциклопедичес-

кими знаниями. Своим студентам она неустанно повторяла: «Наука не терпит близости и небрежности. Историк должен быть предельно собран и внимателен, чтобы не отступить от истины».

Воспитав не одно поколение собирателей и хранителей «истории черт живых», Гришина О.И. на семинарах и коллоквиумах всегда поощряла инициативу, нестандартный взгляд на вещи, умение отстаивать свою точку зрения. Для неё, маститного ученого, было интересно и важно мнение по проблеме как коллеги по научному сообществу, так и вчерашнего школяра. Главной мерой для неё всегда оставался талант, и одаренных, с искоркой в глазах студентов, Ольга Ивановна отличала и ценила.

История не терпит суесловья, Трудна её народная стезя. Её страницы, залитые кровью, Нельзя любить безумною любовью И не любить без памяти нельзя

Листая страницы истории, видишь написанные убоистым почерком учёных наброски прекрасного завтра, невозможные без великого предвидения и веры в Человека Разумного. Наука была и остается делом сильных духом, «взлетающих» над суетой и повседневностью. Такой и остается в нашей памяти Ольга Ивановна Гришина - наш Учитель. Её научные труды и идеи не останутся без благодарных читателей и последователей.

В.А. ИНОЧКИН,
начальник управления архивов и документации ЗКО



О моей милой, дорогой, незабвенной Оленьке...

Вспоминая Олю, я вспоминаю слова: «ни в одном языке мира, наверное, не хватит слов, чтобы выразить те чувства, которые испытывает человечество к ее величеству - Женщине. И тем не менее каждое новое поколение стремится внести свои строчки в эту нескончаемую поэму любви и признательности ко всем женщинам ...».

О ней я могу сказать словами А.С. Пушкина «Я встретил Вас...». Однако восхитительная умница Анна Керн была вдохновением гениального поэтического творчества, так и Оля Гришина стала для меня - прекрасным другом, товарищем, членом моей семьи. Она живая, как сама жизнь... Об Ольге говорят до сих пор, как о живой, потому что о ней невозможно говорить в прошедшем времени. И, когда я вхожу в мой родной институт, в душе возникает радостное ощущение присутствия в аудиториях тех преподавателей, кто научил, вложил в нас красоту жизни, красоту слов, подарил, отдал свои сердца. Это Ксения Афанасьевна Утекина, Евгений Евгеньевич Соллертинский, Нина Иванов-

на Желтекова, Серов, Фейгельсон, Евстратов, Сукова, т.е. все те, кто работал в те годы с нами и, конечно, Оленька Гришина, которая стала моим другом...

Не станем вспоминать о том, что было Не с нами, с другими на земле, О том, что отгорело и остыло, Но затомилось призраком во мгле... Я рассказывала бы о ней, оставившей неизгладимое впечатление в сердцах всех, кто знал ее, кто слушал ее лекции.

Голос Гришиной я по-прежнему слышим среди нас. Она всегда с нами как наша совесть, наша память, наша гордость.

Пусть помнит ее наш притихший Урал, который она любила - все равно никогда, никуда не уеду говорила она, ведь ее зва-

ли и в Рубцовск, что на Алтае и Свердловск, где живет брат.

Гришина О. любила наш край, наш прекрасный Уральск, яркая, талантливая, скромная Оля подруга.

Моя первая, взрослая встреча с Олей состоялась, когда мы вместе поехали в круиз по Европе. Сколько я услышала из ее уст, помимо экскурсоводов, об Англии, Франции, Лиссабоне, Италии - все это до сих пор в моей памяти. Ведь, действительно, ее памяти до сей поры я удивляюсь.

Выступления Гришиной - политолога помнят многие студенты, кто учился в те годы, ее лекции, каждое слово помогало им разобраться в непонятной многим сумятице дат, ее лекции зажигали в

Би өнері өзінің дамуында күрделі де қиын кезеңдерді басынан өткерді. Өрбір тарихи кезең өзінің ерекшелігін алға тартты. Дегенмен, би өнері шырдалып, толығып, атадан балаға мұра ретінде бүгінгі күнге жетіп отыр.

Табиғаттың бергенін өз мүмкіндігіне қарай меңгере отырып, адам қазір өнер деп аталатын шығармашылықтың сыйқырлы күшін терең өз еркіне бағындыра білді. Міне, сондықтан әр дәуір өзіне тән мәдениетін қалыптастырды.

БИ - өнер аптауының ең ежелгісі

Қазақ халқы да ертеден би мұрасынан құралақан емес. Тарихтың қаптарларында жасырынған өз мұрамызға ыждағатпен көз салсақ осыны айқың байқауға болады. Қазақ халқында төңкеріске дейін би өнері болған жоқ деп айтып келгендер болғаны рас. Бірақ, ол шындықпен жараспайтындығын ғылыми зерттеулердің нәтижесі өзінен-өзі ақ көрсетіп келеді. Көптеген ғалымдардың, соның ішінде, Тамғалы және Шолақ таулар шатқалдарында жартастың бейнелерін зерттеген археологтар А.П. Окладников, А.Х. Марғұлан, А.Н. Бернштам, К.А. Ақышев, А.Я. Шер б.з.д. 3-1 мыңжылдықтарда өмір сүрген тайпаларда би шығармашылығының болғаны туралы айтылған. Қазақ халық билерінің табиғатында ешқашан тозбайтын, ескірмейтін көркемдік пен өмірі бұлжымайтын шындық, даналық бар. Бидің дүниеге келуі тарихи құбылыс. Дәстүрлі би өнері халық рухани мәдениетінің өзіндік түрлерінің бірі болуы арқылы айрықша көзге түсетін этникалық реңге ие болады.

Соңғы жылдары біздің республикада ұлттық биге қызығушылық артып келе жатқаны белгілі. Санақ мәліметтері бойынша республикамызда мыңнан астам хореографиялық ұжымдар бар және олар жемісті еңбек етуін жалғастыруда, солардың ішінде көпшілігінің «халықтың» атағы бар.

Республикада хореографиялық білім желісін кеңейтумен қатар ұлттық биді оқытудың алуан түрлі жүйесі қалыптасуда. Би үйлесімдігін тәжірибеде оқып үйрену, әдетте, ұлттық хореографияның теориясы мен тарихын оқып үйренумен ұштастырылады. Осы бағытта ұлттық би өнерінің дамуына сүбелі үлес қосып келе жатқан М.Өтемісов атындағы БҚМУ Мәдениет және өнер институты «Хореография» мамандығының еңбегі зор деп айтуға болады. «Хореография» мамандығы 1991 жылы Дәулеткерей атындағы өнер институтында Әл-Фараби атындағы Шымкент педагогикалық мәдениет институтының филиал құрамында ашылған болатын. Осы жылдан бастап мамандық бойынша дөріс беретін оқытушылары хореография өнерінің дәстүрін сақтауға, облыстағы ұлттық би өнерінің дамуына көп күш салып келеді. Мамандық бойынша тәжірибелі оқытушылар оқу-әдістемелік базаны қалыптастырды. Соның нәтижесінде 2001 жылы кафедрада «Арна» би ансамблі құрылды. Ансамбль құрамында «Хореография» мамандығының үздік студенттері билейді. Қазіргі таңда ансамбль тек қана Қазақстанда ғана емес көптеген Ресей қалаларына (Самара, Саратов, Оренбург) танылды. Ансамбль облыстық, қалалық мәдени мерекелік шараларға ат салысады және көптеген облыстық, қалалық республикалық, халықаралық байқау - фестивальдерге қатысып, жүлделі орындарға ие болып келеді.

2001 жылы Астана қаласында дәстүрге айналып жыл сайын өтетін халықаралық «Шабьт» шығармашылық жастар фестивалінде дипломант атанса, 2007 жылы екінші рет осы аталмыш фестивальге қатысып, I дәрежелі дипломды жеңіп алды.

2001 және 2006 жылдары университетімізде өткен «Хореография» мамандығының ұйымдастыруымен II-III Республикалық Ш.Жиенқұлова атындағы қазақ би байқауында көрермендер көңілінен шықты. «Арна» ансамблі техникасы күрделі, үлкен кәсіби шеберлік көрсетіп, әдемі би көріністерімен екі рет Бас жүлдені жеңіп алды. Әділқазылар құрамында Қазақстанға белгілі би майталмандары ҚР халық артисі, хореография профессоры Б.Аюханов, ҚР еңбек сіңірген артисі, өнертану кандида-

ты Т.Ізім, ҚР еңбек сіңірген артистері А.Тати, Ш.Жиенқұлованың шәкірті, А.Селазнев атындағы Алматы хореография училищесіндегі қазақ биі пәнінің ұстазы Ғ.Бейсеновалар болды.

2006-2007 жылдары Ялта, Алушта қалаларында халықаралық деңгейде өткен шығармашылық жастар мен студенттердің фестивалінде ансамбль екі рет «Лауреат фестивалі» деген дипломға ие болды.



2007 жылы Оренбург қаласында өткен халықаралық «Европа-Азия» атты балалар және жасөспірімдер шығармашылық фестивалі-байқауында «Халық биі» номинациясы бойынша I дәрежелі жүлдегер атанды.

2008 жылы Польша елінің Легница қаласында өткен «Мир под Кычером» XI Халықаралық этнографиялық фестиваліне қатысып, жүлдегер атанды.

Қазіргі таңда «Хореография» мамандығында «Қыз Жібек» және «Алау» би ансамбльдері ұйымдастырылды. «Алау» ансамбілі XI Халықаралық «Шабьт» жастар шығармашылық фестивалінде II орынға ие болды. Ансамбльдер репертуарында көптеген әр түрлі халық билері, эстрадалық би, қазіргі балдық би, модерн және т.б. Мұнда қазақ халық биі мамандарын дайындаудың берік дәстүрі құрылды. Ш.Жиенқұлова, Д.Әбіров, З.Райбаев, О.Всезолодская-Голушкевич, Ғ.Бейсенова және т.б. өнер қайраткерлерінің шығармашылық талдау тәжірибесімен, мамандықтағы оқытушылар құрамы еңбегімен қазақ биінің мектебі қалыптасты деп айтуға әбден болады.

Ансамбльдер әрбір жаңа байқаулар мен концерттерге қатысу үшін өзінің репертуарын жаңартып, оның палитрасын байытып отырады. Хореографиялық сахналардың барлығы өмір қуанышына, әзіл-күлкі, шаттық-қуанышқа толы жарқын пантомималар. Ансамбльдер шығармашылығы өзінің биі репертуарымен облыстағы, қаладағы өздігінен ұйымдасқан би ансамбльдеріне, өнер мектептеріне үлгі болып келеді.

Қазіргі уақытта мамандық базасында хореография өнері бойынша жарнама, бейнетаспа материалдары жинақталды. Бейнетаспада маман пәндері бойынша емтихандар, класс-концерттер,

есеп беру концерттер, кафедраның тәжірибелі аға оқытушыларының сабақтары жазылған. Конференцияларда, курстық жұмысты қорғауда, оқу сабақтарында инновациялық технология кең қолданылады. ЖОО-да және жақын шетелдерде кафедраның профессорлық-оқытушылар құрамы жыл сай-

ын біліктілікті жоғарлатады. Сондай-ақ, оқытушылар қала және облыстық хореографиялық ұжымдардың жетекшілеріне кеңес, шебер кластар үнемі өткізіп тұрады. «Эврика» ғылыми-тәжірибелік үйірмесі және балалар балет студиясы жұмыс жасайды.

Өнер арқылы берілген эстетикалық тәрбие адамды ұдайы сұлулық пен әдемілікті дұрыс ұғынуға жетелеп, сезім байлығын қалыптастырады. Көркем

Қ.Д. АЙТҚАЛИЕВА,
Өнертану ғылымдарының кандидаты,
БҚМУ доценті.





ДА ЧТО Я ЗНАЮ О ВОЙНЕ?

*Да что я знаю о войне, да что я знаю о разлуке,
Когда стеной горит ковыль, и пустоту хватают руки.
И мрамор туч, сколь хватит глаз, чеканит марш кусками неба...
Ты, не таясь, ответь, солдат, какой имеет вкус победа?*

Что мы знаем о войне?! – Немного...
По рассказам бабушек и мам
Знаем, что надежда и тревога
Об руку ходили по домам.

А из тыла за волной волна
Шла латать верховные промашки:
Всасывала мальчиков война –
И выплевывала мертвые бумажки.

Каждый шаг – к победе ли, к беде, –
Сводки измеряли расстоянием.
Даже самый распобедный день
Был кому-то вечным расставанием.

Годы возвращающий экран,
Очевидцев честные романы –
Все равно останутся обманом:
Ссадины не заменяют ран.

Только изредка за толщей дней
Вдруг всплеснёт сирены голос лютый,
Замирая криками детей –
И застынет сердце на минуту...

М.Галин



Мама! Тебе эти строки пишу я,
Тебе посылаю сыновний привет,
Тебя вспоминаю, такую родную,
Такую хорошую - слов даже нет!

Сейчас передышка. Сойдётся у опушки,
Застыли орудья, как стадо слонов,
И где-то по-мирному в гуще лесов,
Как в детстве, мне слышится
голос кукушки...

За жизнь, за тебя, за родные края
Иду я навстречу свинцовому ветру.
И пусть между нами сейчас
километры -
Ты здесь, ты со мною, родная моя!

И чем бы в пути мне война ни грозила,
Ты знай, я не сдамся, куда дышу!
Я знаю, что ты меня благословила,
И утром, не дрогнув, я в бой ухожу!

Э.Асадов



Победа девятого мая,
Великим был праздник страны,
Останется память живая
У нас, детей страшной войны.



В небытие идут ветераны,
Всё менее их каждый год,
Болести и старые раны
Ведут их в последний поход.

Отчизну спасли дорожую,
Лишь ветер поёт песни им,
Последнюю память живую
Мы, дети войны, сохраним.

А.Болутенко



Назови меня именем светлым,
Чистым именем назови -
Донесется, как песня, с ветром
До окопов голос любви.

**Великой Победе 65 лет, но память живет и будет жить! Светом
благойной памяти, светом скорби пусть озаряются имена павших 28 мил-
лионов жизней, унесенных войной...**

Вспомним...

*Тех, кто бился на фронтах, кто воевал в партизанских отрядах, кто без
сна и отдыха трудился в тылу, о деревнях, стёртых с лица земли... Каждую
улицу вспомним, каждый дом.*

Солдат Великой Отечественной!

*Ты насмерть стоял под Москвой и Сталинградом, погибая, ты спасал
жизни других. Ты принес свободу узникам лагерей, свободу поработенным
народом Европы. Ты не вторгался в чужие пределы, ты спасал свою семью.*

**Поклонимся им низко! Перед светлой памятью погибших сыновей, дочерей,
жен, мужей, братьев, сестер, однополчан, родных, друзей склоним головы!**

Я сквозь грохот тебя услышу,
Сновиденья за явь приму.
Хлынь дождем на шумную крышу,
Ночью ставни открой в дому.

Пуля свалит в степи багровой -
Хоть на миг сдержи суховея,
Помяни меня добрым словом,
Стынуть буду - теплом повея.

Появись, отведи туманы,
Опустишь ко мне на траву,
Подыши на свежие раны -
Я почувствую, оживу.

А.Яшин

Дирижаблы

к 70-летию
Ольги Ивановны Тришиной

Как много есть имен хороших,
Как много значимых для нас,
Из них одно нам всех дороже,
Мы назовем его сейчас.

Вы – элегантны, ироничны,
И строгость отличает Вас,
Но Вы нам очень симпатичны,
Хоть Вас боялись мы подчас.

Вы на истфаке были – лидер,
Вам подражать пытались мы,
Но лучше Вас никто не видел,
И в том признаться мы должны.

Ольга!
Мы все Вас любим очень нежно.
Ольга!
Вы наш высокий идеал!
Ольга!
Мы на экзамен шли с надеждой,
Что мы заслужим высший балл.
Ах, высший балл!

сердцах студентов надежду. Она обладала человеческой живостью восприятия всего нового...


Мы станем вспоминать с тобой, подруга,
Не нацию и даже не народ,
А тех людей от севера до юга,
Что мы друзьями звали в свой черед.

В Оле сочеталось организаторское, патристическое начало. Когда я беседу с ее знакомыми, друзьями, вижу, как сверкают их глаза, свято хранящих память о человеке, женщине, педагоге. Она не имела звания профессор, но она больше вызывала уважения в Уральске. Для нее домашний очаг – самое дорогое место, которое дает человеку покой.

Вот для меня превыше всего общественная работа, а для Оли – дом, была мама Анна Луповна, которая, работая в годы Великой Отечественной войны, была награждена Орденом Ленина. Оля, как мама в молодости, забывала о сне и отдыхе. Ей не стыдно глядеть в глаза студентам, она с уверенностью смотрела в завтрашний день. Научной работой она увлекалась еще в студенчестве. Окончила вуз с отличием и...рекомендацией в аспирантуру, она на «отлично» сдала все экзамены и стала аспиранткой, защитила диссертацию, успешно работала вЗКТУ и безвременная кончина вырвала Олю из наших рядов.

Студенты и сослуживцы ее любили и уважали. И при этом всегда очень скромна, приветлива, доступна для общения. В ней сочетались деловые, незаурядные качества. Трудолюбивая и терпеливая. Она в наших сердцах.

Софья ИМАНГАЛИЕВА,
представитель Совета Ветеранов –
учителей при гор. Отличник
просвещения СССР, Отличник
просвещения Казахской ССР, Почетный
работник образования РК. Ветеран
тыла, труда, спорта.



Пока рядом нет
почтового ящика,
прекрасно помнишь, что
нужно бросить письмо.
«Закон Хаудена»

1 апреля 2010 г. во всех учебных корпусах ЗКГУ была проведена очередная проверка ящиков «для замечаний и предложений по совершенствованию образовательного процесса». Всего в данных ящиках было обнаружено три письменных обращения: два из них находились в ящике корпуса №3 (одно поступило от студентов института экономики и управления, другое – от студентов гр. 07310 (специальность «международные отношения») и ещё одно находилось в ящике корпуса №7 – от студентов факультета истории и права. Ректор университета Т.З. Рысбеков внимательно ознакомился с содержанием этих обращений и дал поручения руководителям соответствующих подразделений срочно принять по ним все необходимые меры.

Написавшие письмо студенты института экономики и управления высказали жалобу на нехватку учебной литературы на казахском языке и попросили, по возможности, приобрести несколько экземпляров книги Ф. Төлеугалиева «Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы». В связи с этим обращением студентов директор научной библиотеки ЗКГУ Г.З. Таушева в служебной записке ректору университета сообщила, что в настоящее время в фонде Научной библиотеки нашего вуза имеется 7 экземпляров учебника Ф. Төлеугалиева «Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы», из них 5 экземпляров находятся в фонде читального зала корпуса №3 (факультет истории и права) и 2 экземпляра – в фонде читального зала корпуса №5 (института экономики и управления). Также Г.З. Таушева указала, что, кроме названного учебника, в фонде Научной библиотеки имеется целый ряд других учебников данного профиля (всего 30 наименований). Книга же Ф. Төлеугалиева «Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы» была в срочном порядке оцифрована и её электронные копии установлены в компьютерах читальных залов и компьютерных классов корпусов № 3 (в 15 компьютерах) и №5 (в 24 компьютерах).

В своём письме студенты гр. 07310 факультета истории и права (специальность «международные отношения») обратились к декану факультета с просьбой решить проблему с перечислением денег на проезд, которые в течение трёх месяцев им на карточки не поступали. По поводу данного обращения деканом факультета истории и права было проведено собрание со студентами этой группы. Присутствовавший на данном собрании руководитель отдела по воспитательной работе М.И. Исатаев пояснил студентам, что деньги на проезд перечисляет не университет, а акимат. Он также отметил, что в определённый период времени никто из студентов эти деньги не получал, но сейчас они перечислены. Декан же факультета порекомендовал студентам при возникновении каких-либо проблем в первую очередь обращаться к старосте группы, эдвайзеру-куратору, студенческому декану или в деканат факультета. Сами же студенты данной группы в своём заявлении ректору университета высказали своё удовлетворение решением поднятой ими проблемы.

В записке, поступившей в ящик корпуса №7, авторы которой обозначили себя как «студенты исторического факультета», было заявлено, что оператор компьютерного класса данного корпуса (ауд. 409) «работает безответственно». В служебной записке ректору университета руководитель административно-кадрового отдела Подгорная Т.В. сообщила следующее: «В корпусе №7 в 409 аудитории работает техник-оператор Ериксаева Г., представившая объяснительную. В 409 аудитории факультета истории и права проводятся занятия в 07107 группе по практическому курсу казахского языка с использованием электронного учебника. В ходе беседы преподавателя Алмагамбетовой Н.А. со студентами выяснилось, что записка была написана не студентами. Конфликта между студентами и техником-оператором не было. Оргтехника в 409 аудитории поддерживается техником-оператором всегда в рабочем состоянии».

Таким образом, механизм «обратной связи» в нашем университете продолжает работать.

П.А. ДОБРЯЕВ, руководитель отдела
мониторинга и социологических исследований.

УТЕРЯ

Утерянный диплом №0022424 с отличием
2001 года выпуска специальность
«Юриспруденция» на имя
Акимцева Екатерина Леонидовна
считать недействительным.





ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ – жас ұрпақтың есінге!

«Тарих және құқық» факультетінде сәуір айының 14-де Ұлы Отан соғысына 65 жыл толуына орай, «Ұлы Отан соғысы - жас ұрпақтың есінде» атты облыстық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Қазақ халқы талай нәубат кезеңдерді басынан өткізгені аян. Талай боздақтар құрбан болған соғыстарды басынан өткізді.

Сондай дүрбелең талай баланы әкесіз, ананы баласыз қалдырған кезеңдердің бірі - Ұлы Отан соғысы. Сол отты жылдары қан майданға қасқая шығып, өр тұлғаларымызбен қатар қайсар қыздарымыз да кеудесін оққа тосқан болатын. Қас батырларымыз бір қолымен қару алып жауға шықса, орақ тілді, от ауызды тұлғалар қолына қалам алып, әдебиет майданында күресті.

Міне, сол отты жылдарға бүгінгі таңда 65 жыл толып отыр. Бақандай 65 жыл.

Қарап тұрсаң, 65 жыл дегенің аз уақыт емес. Алайда, бұл жылдар халық жадында мәңгі сақталған. «Тарих және құқық» факультетінде сәуір айының 14-де Ұлы Отан соғысына 65 жыл толуына орай, «Ұлы Отан соғысы - жас ұрпақтың есінде» атты облыстық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференцияға Қараваев Ө.Ә., Сүйіншалиев Х.Ж., Мұрадымов Т., Букаткин П.Р., Абдрахманов М.Ф., Жұмағалиев Б., Жадаханов М.Ф., Құсаинов К.Қ., Ветров Н.Ф., Гапич И.С., Әжіғұлов М.Ә.,

Ғайсин Қ., Ковешникова З.И. сынды ардагерлер қатысып, өз ойларын ортаға салған болатын.

Конференция мына бағыттарды қамтыған болатын.

Бірінші бағыт: «Ұлы Отан соғысы - тарих толқынында».

Екінші бағыт: «Жастарға патриоттық және азаматтық тәрбие беруде Ұлы Отан соғысының тағылымы».

Үшінші бағыт: «Ел үмітін ақтаған Ер жүрек батырларымыз».

Орал қаласы мен кенттік округтардың жоғарғы сынып оқушылары мен студенттері арасында өткізілген ғылыми-тәжірибелік конференцияда 40-тан астам баяндамалар оқылып, секция жұмыстары барысында үздік шыққан оқушылар мен студенттерге дипломдар мен естелік сыйлықтар ұсынылды.

Осындай конференциялардың жастарға, болашақ мамандарға беретін мол тағылымы бар екені бәрімізге айқын, қай кезде болмасын жүрегі «Халқым» деп соққан ұл-қыздарымызды жас ұрпақ мәңгі есіне сақтап өтетініне сенімім мол.

Гүлсезім ЕРБОЛАТҚЫЗЫ.

ҒЫЛЫМИ БАСҚОСУ

«Жас Отан» жастар қанаты Сырым аудандық бөлімшесі мен «Сырым жастары» жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 65 жылдығына арналған Кеңес Одағының батыры, халық қаһарманы, көрнекті жазушы, гвардия полковнигі, белгілі қолбасшы Бауыржан Момышұлының 100 жылдығына орай 23-сәуірде Сырым ауданында «Өрілген өмір» атты облыстық ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті. «Сырым жастары» ЖҚБ төрағасы Исанов Ерболат Рысқалиұлының ұйымдастыруымен ғылыми-тәжірибелік конференцияға аудан әкімінің бірінші орынбасары Батырғиязов Жолды Жанабайұлы, «БҚО Жастар Қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің әлеуметтік жұмыс жөніндегі менеджері Тоқмамбетов Серік Әнуарұлы, Ұлы Отан соғысы кезінде «101-қазақстандық ұлттық жеке атқыштар бригадасы» қатарында болып, қаза тапқан бауырларымыздың аты-жөндерін анықтау мақсатымен айналысып жүрген Әсімова Зоя Зербіқызы, Бұлдырты орта мектебінің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Майра Зербіқызы, Жымпиты ауылдық ардагерлер Кеңесінің төрағасы Серік Ғабденов, БҚО «Жас Отан» Жастар қанатының атқарушы хатшысы Сүндетов Әліби Қайратұлы, аудандық

тарихи-өлкетану музейінің директоры Сәлімгереева Гүлшат Сәлімгерейқызы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың «Қазақ филологиясы» кафедрасының оқытушысы Сұлтанғалиева Рита Бекжанқызы, Қ.Мырзалиев атындағы орта мектебінің тарих пәнінің оқытушысы Хамзин Жеңіс Көкібайұлы, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Маржан Ахметқалиқызы, аудандық «Сырым елі» қоғамдық-саяси газетінің тілшісі Зиятов Серік Марқұлы, «НұрОтан» ХДП Сырым аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Рамазанов Ғаділ Лудаұлы қатысып, баяндамашыларға өзіндік баға берген болатын. Баяндама оқуға жоғары оқу орындарының студенттері және аудандардан жас мұғалімдер, сонымен қатар мектеп оқушылары, ауылдық округтерден жас баяндамашылар, Сырым ауданының жастары қатысты. «Конференцияны ұйымдастырудағы мақсатыңыз қандай?» деген сауалға «Сырым жастары» ЖҚБ төрағасы, «Жас Отан» Жастар қанатының атқарушы хатшысы Исанов Ерболат: «Ұлы Жеңістің 65 жылдығына да санаулы уақыт қалғаны бәрімізге белгілі. Ұлы Жеңістің 65 жылдығы мен Кеңес одағының батыры Бауыржан Момышұлының 100 жылдық мерейтойының да осы мерекемен тұспа-тұс келуі кездейсоқ емес. Ұлы Жеңіс күнінің

Адам көркі – БІЛІМДЕ

«Хас батыр майданда шынығады» демекші, шын батырды дайындау мақсатында, қазіргі ғылым мен техниканың шарықтаған заманында заманауи талаптарға жауап бере алатын маман даярлау үшін М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде жыл сайын ғылыми-тәжірибелік конференциялар өткізіліп отырады. Бүгінгі күнде де дәстүрлі конференция өз жалғасын тауып, 29-наурыз бен 2-сәуір аралығында 68-ші ғылыми-тәжірибелік конференциясы болып өтті.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Тәуелсіз ел атанып, төбемізге ту тіктік, енді болашағымыз бұлыңғыр болмас үшін жастарымызға басты назар аударуымыз керек. Жастарымыз білім ошақтарында білім алумен қоса, ғылыммен, шығармашылықпен айналысуы керек. Өйткені, ілгерілеу атаулының кілті - шығармашылық пен ғылымда» деген санаға сәуле түсірер сөзін мақсат тұтып келеді. Студенттеріміз де жыл сайын ұйымдастырылатын ғылым апталығына белсенділік танытып, өзіндік үлестерін қосуда.

Биылғы өткен 68-ші ғылыми-тәжірибелік конференцияда студенттеріміз физика, математика және ақпараттық технология, химия, география, экология, қазақ, орыс, ағылшын тілдері бойынша, тарих, құқықтану, дене тәрбиесі, педагогика және психология және басқа да ғылыми бағыт бойынша ғылыми жұмыстарын сәтті қорғап, үздік деп танылған жұмыстары үшін дипломдар мен ақшалай сыйақыға ие болды.

Ғылым жолын таңдаған студенттерге ғылымдағы жолдарыңыз даңғыл болсын демекпіз!

құрметіне аудан, облыс республика деңгейінде жастарды патриоттық, Отансүйгіштік рухта тәрбиелеуге бағытталған шаралар көптеп өткізілуде. Мінекей, осындай шараның игі жалғасын біз ұйымдастырып отырмыз. Бұл конференцияның негізгі мақсаты - Бауыржан батырдың елшілдік, ұлтжандылық, қайраткерлік, батырлық тұлғасын егеменді еліміздің ұлдарына жеткізе отырып, патриоттық сезімін арттыру болып табылады» деген болатын.

Аталмыш шараға университетімізден «Қазақ филологиясы» кафедрасынан студенттеріміз барып, төмендегідей орындарды қанжығаларына байлап қайтты. Молдашева Айкүн (2-курс) I орын, Абиева Жадыра (2-курс) II орын, Бияшева Гүлсезім (3-курс) II орынмен марапатталса, Сапарова Жадыра (3-курс), Шайекенова Майра (3-курс), Баубекова Нұршат (2-курс) алғыс хат иегерлері атанған болатын.

Осындай игі шаралар мол болып, студенттеріміз білім шыңынан көріне берсін деп тілейміз.

Г.БИЯШЕВА.

ЖАЛҒАН ДІН ДЕГЕН НЕ?

ой-пікір

Қазақстан буыны бекіп, бұғанасы қатқалы әлемдік сахнада салиқалы саясаты мен қазба байлығы жағынан жұмыр жерді мойындап білді. Мұны жер бетіндегі не түрлі сұрқия саясатты жүргізіп келе жатқан барлық держава біледі. Қазақстан қай халықтың болмасын көңілін аулап, ұсыныстарын жерде қалдырмай амалдап келеді. Бірақ, осы береке мен бірлікке, байлыққа бөленген біздің елге көз тіккендер көп. Біреуі халықты аздырып, ештеңеге икемі келмей қалған соң алдап алмақ, бірі қорқытып алмақ. Бірі кәдімгідей жаулап алуды ойлап отыр. Біріншісі түрлі рухани дерт пен идеологияны былықтырып, елдің миын ашытып, ұлттан түбінде іріп тынатын ел шығармақ.

Осындай озбыр ойлардың кесірінен төніп тұрған қауіп - дін мәселесі. Көп дінділікті ұстанған солқылдақ саясатымызды тиімді пайдаланған шет елдік дін таратушылар арамызда емінеркін тайраңдап, өз білгендерін істеп, ел ішін бүлдіріп жатыр. Санынан адам қорқатын діни бірлестіктерді былай қойғанда, ешбір тіркеусіз өз мақсаттарын іске асырып, халықтың негізгі буыны - жастардың санасын улап жатқандарын көре тұрып көз жұмып, ести тұра керең бола қалғанымыздың өзі оларға қолайлы жағдай жасап отыр.

Қазір Қазақстанда экстремистік ұйымдар орныққалы жатыр. Олардың сыртқы көрінісі мынадай: сақалдары қауғадай, түрлері суық, жат мінез адамдар, ал әйелдері көзден өзгені көрсетпей, қап-қара түнектей тұмшаланған тылсым жандар.

Жүрегіңіздің түкпірінде жатқан Құдайдан қорқыныш сезімін пайдаланып, тозақпен қорқытып, шанид болуға үндейтін миссионерлердің шылауына, әсіресе, жастар түсіп жатыр. Біздің елімізде радикалды идеялардың таралуына халықтың тұрмысы мен төтеп берер білімді дінбасылардың аздығы әсер етеді деп білемін.

Экономикалық күшті дамыған елдерде діни экстремизмге қарсы күрестің бірден-бір пәрменді құралы - діни ағартушылық жұмыстары. Менің ойымша, бізге де исламның имандылық шарттарын ерте кезден бойымызға сіңіру қажет. Себебі, өз дінін терең білетін адам ешқашанда экстремистердің құралы болмайды.

ИСМАГУЛОВА Гүлмерей, студент.

Бүгінгі таңның басты мәселелерінің бірі - жалған дін. Көптеген адамдар, көбіне жастар, түрлі себептермен, түрлі адамдардың әсерінен еш байқаусыз түрлі сектаға мүше болып кетеді. Бұл ұйымдар - адамды мүлдем өзгеше тәрбиелеп, сана-сезімін өзгертеді. Ондай адамдардың өздерінің жасаған қылықтарына жауап беру-бермеуі де екіталай.

Әрине, елімізде мешітке барып, бес уақыт намаз оқитын адамдар өте көп. Дегенмен, не себептен екені белгісіз, секталық ұйымдар саны күн санап көбеюде. Менің түсінігім, ХХІ ғасырда көзі ашық, көкірегі ояу, мұсылмандықты әбден бойына сіңірген имандардың осындай жалған діндерге жол беруі.

Кез келген жастың бойында мешітке кіргенде үрей, қорқыныш сезімдері сезіледі. Өйткені, біз түрлі ұйымдарды естіп, үрейленіп жүреміз. Мешіт - ол ең киелі де қасиетті үй емес пе? Ендеше, неге осындай үйде, ұяда адамдарды өзгеше тәрбиелейтін секталар болады?..

Жалған дін кез келген қазақты толғандыратын мәселе болар. Ендеше, арымызды, жанымызды таза ұстап, болашаққа тік қадаммен аттанайық! Біздің жастардың дамуына ешқандай жалған дін кесірін тигізбегей!

МЕҢДІҒАЛИЕВА Жансая, студент.

Бес уақыт намаз оқып, мешітке барып жүргендер көп болғанмен, елімізде жалған діннің тарапуы ең басты мәселелердің

бірі болып отыр. Көпшілік адамдардың ішінде, әсіресе, жастардың ішінде әр түрлі себептерге байланысты жалған діннің етегінен ұстап, түрлі-түрлі секталарға кіріп жатқандар жетерлік. Бұл ұйымдар адамның сана-сезімін мүлде өзгертіп жібереді. Мұндай ұйымдарға кірген адамдардың қылықтары, ақыл-естері түсініксіз болады.

Түрлі секталық ұйымдардың көбеюі халықты алаңдату жағдайларының бірі болғандықтан, одан құтылудың жолдарын тауып, қалпына келіп, оны кіршіксіз таза сақтай білу керек. Сондықтан арымызды таза сақтап, өз өмірімізге бапта шаппай, еліміздің жақсы жағынан дамуына ат салысу керек. Бұған әрине, жалған дін әсерін тигізбесе деймін.

НҰРЛАН Ажаргүл, студент.

Діннің адамзат тарихында алатын орны ерекше. Кез келген халықтың өз діні болады. Сонымен бірге дінге деген көзқарастар да әр дәуірде әр түрлі болып келеді. Сондықтан «дін» дегеннің не екенін танып, білу - әрбір саналы адамзатқа тән қасиет. Егеменді Қазақстан мемлекетінің азаматтары үшін де бұл қажет нәрсе. Елімізде жүзден астам этностар мен ондаған діни бірлестіктер бар. Қазіргі заманда елімізге өзге діндер ықпалы айтарлықтай әсер етуде.

Діннің біз білетін әлемдік және ұлттық діндер сияқты түрлері бар. Ұлттық діндерге: индуизм, тәңірге сенушілік, конфуций діні, т.б. жатқызытын болсақ, ал әлемдік діндер қатарына: будда дінін, христиандық және ислам діндерін жатқызуға болады. Біздің Отанымыз егеменді Қазақстан болғандықтан, мұндағы басты діндер – ислам мен христиан діндері болып саналады. Сонымен бірге, әсіресе, соңғы жылдары терроризм – діни терроризм де өріс алып келеді. Тағы бір айта кететін жайт – ол секта. Секталарға тән нәрсе - өздері Құдайдың қапаулы адамдары екендеріне берік сенімді болады, ислам дініндегі адамды азғырып, басқа дінге мүше қылу үшін үгіт-насихат жүргізеді.

Болашақта мұсылман бауырларымыздың бойынан азаматшылыққа, ұлтжандылыққа, гуманизм мен ұлттық мәңгілік құндылықты құрметтеуге деген қасиеттер табылса екен деймін.

МҰРАТ Гүлім, студент.

Елімізде өзекті өртер мәселелер көбейіп бара жатыр. Соның бірі - дін мәселесі. Көпдінділікті ұстанған солқылдақ саясатымызды тиімді пайдаланған шет елдік дін таратушылар арамызда емінеркін тайраңдап, өз білгендерін істеп, ел ішін бүлдіріп жатыр. Санынан адам қорқатын діни бірлестіктерді былай қойғанда, ешбір тіркеусіз өз мақсатын іске асырып, халықтың негізгі буыны - жастардың санасын улап жатқандығын көре тұра көз жұмып, ести тұрып керең болып қалғанымыздың өзі оларға қолайлы жағдай туғызып отыр. Бұл туралы қаншама рет БАҚ-та жазылып, айтылып жатса да, бейбастақтық тыйылар емес. Кәмелеттік жасынан өткен естияр жастарды санамағанда, өзге діннің үгітшілері мектеп жасындағы балалардың да ебін тауып азғыруға көшкен.

Соңғы кездері ауыл-аймақтар мен елді-мекендерде өзге дінге уағыздаушылар қаптап кеткелі қашан?! Тіпті сақал-мұртын өсірген уахабтар жастардың басын құраса, екіншіден көркем кітаптарымен түрлі секталар ауыл адамдарына үгіт-насихат жүргізуде. Мұның нәтижесінде, әкесі намазға жығылса, баласы пұтқа табынып, қызы шіркеуге, анасы кришна дінін мойындауға әкеп соқтырады. Бір отбасында бірнеше дін өкілдері, яғни наным-сенімдері бөлінген қоғамнан ауызбіршілік те аулақ жүреді. Сонда заман қайда кетіп бара жатыр?

ИДЕЛЬБАЕВА Салтанат, студент.





Жалған діннен сақ болыңыз

Қаламызда жоғары оқу орындары мен орта арнаулы оқу орындары студенттері арасында «Діни құндылықтарды саяси экстремистік мүдделерге пайдалануға жол бермеу» тақырыбында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Осындай ақпараттық жұмыспен жастар бойына рухани азық болатын, ислам құндылықтарын түсіндіріп, теріс ағымдардан аулақ болудың қыр-сыры жайында оқу орнымыздың студент жастарына ҚДБ-ның БҚО бойынша өкіл имамы С.С.Сейтбеков және БҚО әділет департаментінің бас маманы Е.Т.Құспанов арнайы келіп дәріс оқыды.

Қазіргі таңда жастар арасында, ересектер арасында болсын белең алған, келелі мәселелердің бірі - ел ішін дүрліктіріп жүрген жат ағым, жалған дін. Жалған дін - кез-келген қазақты толғандыратын мәселе. Соған байланысты жастардың жалған дін жетегінде кетпей, оның алдын алу мақсатында БҚО Әділет департаментінің бас маманы Е.Құспанов қазіргі таңдағы қоғамдағы түрлі діни бағытты ұстанушылардың теріс қылықтарын, оларға қарсы қолданылып жатқан шаралардың нәтижелерін сөз етіп, имам С.Сейтбек «Ислам діні - бейбітшілік дін» екендігін баяндап, көптеген діни бағыттардың ақ пен қарасын ажыратып айтып берді. Ненің не екенін ұғындырып, мол мағлұматтан хабардар еткен имам жас қауымға былай дейді:

- «Экстремизм деген не екенін дұрыс түсініздер. Экстремизм дегеніміз не? Қайсыбір діннің ішінен пиғылы теріс саясатты ұстанып, белгілі бір дәрежеге жетуді мақсат тұтқан адамдар өздеріңдей жастарды соған тартуы, сол тарту арқылы өздерінің қатарына қосуға үгіттеуі. Мәңгірттік халге жеткеннен кейін қолына қару алып, ал енді соғысуға әзірсің бе деген дәрежеге жеткізу, бұл да - экстремизм. Қолына қару беріп немесе беліне жарылғыш зат байлап, қоғам ішінде соны іске асыру - терроризм.

